

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Исакова Ляйла
Маратовнаның «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің
зияткерлігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бабы бойынша білім беру саясаты қағидаларының бірінде: «...әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы» - делінген. Жалпы алғанда, жоғарыдағы құжаттардағы талдаулар білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады.</p> <p>Интеллектуалды (зияткер) ұлт болу үшін болашақ маманның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, педагогикалық-психологиялық, адамгершілік ерекшеліктері мен әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуына баса назар аудару қажеттігі туындап отыр. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға арналған зерттеу жұмысының практикалық мақсатты жүзеге асыру мен нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білімді алу, оны қолдануға бағытталған қолданбалы маңызы бар. Осыған орай Л.М.Исакованың диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына сәйкес ғылыми және инновациялық қызметтің басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы | Л.М.Исакованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым |

| | | | |
|----|----------------------|--|---|
| | | бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u> | дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u> | Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына қосқан үлес және жаңа жетістік ретінде бағалауға болады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Қазіргі қоғамның талаптарына сай - сыни ойлайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік тұлғасының қажеттігі мен білім парадигмасының өзгеруіне сәйкес жоғары оқу орнында бұл сапаларды дамытудың дидактикалық тетіктерінің жасалмауы арасында және зияткерлігі дамыған сыни ойлайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау қажеттігі мен оны іске асыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемелік жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды . Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері | Қойылған мақсат пен міндеттер |

| | | | |
|----|----------------------------|--|--|
| | | <p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатын нақтылайды. Логикалық тұрғыдан ұсынылған диссертацияның материалдары диссертанттың мәселені тұтас көре алғандығын және міндеттерді жүзеге асырғандығын көрсетеді.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Бүгінгі күнге дейін зияткерлікті дамыту мәселесі аясында шет елдік ғалымдар арасында көптеген іргелі зерттеулер жүргізілген. Диссертант осы зерттеулерді терең және толық талдай білді. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер ала білді.</p> <p>Жұмыстың бірінші жаңалығы – сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталған. Жұмыстың екінші жаңалығы – «зияткерлік»</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|---|--|
| | | | <p>және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұны нақтыланған.</p> <p>Келесі жаңалық – сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері айқындалған.</p> <p>Зерттеу жұмысының төртінші жаңалығы – сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталған.</p> <p>Жұмыстың бесінші жаңалығы - сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибеде сынақтан өткізілген.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Зерттеушінің диссертацияда ұсынған тұжырымдары толығымен жаңа және сенімді болып табылады. Тұжырымдардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста расталған. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Автордың ұсынған сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды</p> |

| | | | |
|----|--|---|---|
| | | | үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>1. Бірінші қағида бойынша сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуды психологиялық – педагогикалық еңбектерде зерделеу тұрғысында негіздеген. Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Theoretical aspects of future teachers intellectuality development» (AD ALTA: Journal of Interdisciplinary Research, 2019; 09 (01): pp. 46-51) атты мақалаларында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. «Зияткерлік», «сыни ойлау» ұғымдарының құрылымы мен мазмұны сипаттамасы философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектерде талданған және талдау барысында ұғымдарға авторлық анықтама берген. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Болашақ мамандардың зияткерлігін дамытуда сыни ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі» (Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы.–"Педагогика ғылымдары" сериясы – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, 2018. – №2 (70). – Б. 3-9), «Зияткерлік ұғымының Отандық және шетелдік ғылым салаларында зерделенуі» (Материали за XIII международна научна практична конференция. Бъдещи въпроси от света на науката - 2017. (15-22 декември 2017) София. «Бял ГРАД-БГ». 2017. – Б. 49-52.) мақалаларында көрініс тапқан.</p> <p>3. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктерін айқындау - зияткерлік құрылымында жалпы және</p> |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>айырықша қабілеттерді бөліп көрсеткен, зияткерліктің әлеуметтік-мәдени негізін ескере отырып, ақпаратты меңгеру мен өндеудің белсенді, шығармашылық үдерісі ретінде қарастырған. Болашақ маманның кәсіби дайындығының сапасы ретінде теориялық білімге негізделген сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамытудың ерекшеліктері айқындалған. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту деңгейі кең, «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту» (Қазақстанның ғылымы мен өмірі №1 (156) 2021, 143-151 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясы кең, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың әдіснамалық аспектілері» (Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы. – "Педагогика ғылымдары" сериясы – Алматы, 2019. – №1(61). – Б. 42-47.) мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>5. Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін тиімді дамытудың әдістемесі әзірленген және оның тиімділігін тәжірибеде сынақтан өткізген. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда қолданылу деңгейі кең, «Developing the future primary school teachers intellectual skills in Kazakhstan». (International Journal of Instruction. – 2021. – V.14. - Issue 3. – P. 755 – 770.), «Педагогикалық ЖОО-ның білім беру үдерісінде</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|----|---|---|---|
| | | | студенттердің зияткерлігін дамыту» (Абай атындағы ҚазҰПУ-н Хабаршысы. – "Педагогика ғылымдары" сериясы – Алматы, 2019. –№4(64).–Б.198– 203). мақалаларында дәлелденген. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ | Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (жүйелілік, тұлғалық іс-әрекеттік, пәндік, синергетикалық, акмеологиялық; ұстанымдар: сана мен іс-әрекеттің бірлігі, жеке тұлғаның зияткерлігін дамыту, үздіксіздік, өз әрекетін ұйымдастыру) жиынтығы болып табылады. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ | Зерттеудің мақсатын, болжамын мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, иерархиялау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық әдістер (эксперимент, сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, педагогикалық эксперимент, статистикалық алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, сараптау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ | Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 18 мақала жарияланған. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (76 процентиль, 2-квантиль). ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 5, Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|--|
| | | | конференция материалдарында – 11. Әдістемелік құрал – 1. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы 143 өзекті және сенімді дереккөздер. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ | Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы: сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың психологиялық – педагогикалық негіздері анықталған; «зияткерлік» және «сыни ойлау» ұғымдары құрылымы мен мазмұны нақтыланған; сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың ерекшеліктері айқындалған; сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталған. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ | Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуға арналған «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» тақырыбында арнайы курс және «Сыни ойлау негізінде зияткерлікті дамыту» әдістемелік құралы әзірленген. Зерттеу нәтижелері жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде қолданылуы мүмкін. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. «Студенттердің зияткерлігін дамыту» арнайы курсы және әдістемелік құрал әзірленген. Зерттеу нәтижелерін жалпы жоғары және орта арнаулы |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | | педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтары тәжірибесінде пайдалануға болады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. |

Ұсыныс:

-бастауыш білім беру бағдарламалары бойынша даярланатын болашақ мамандарға арналған сыни ойлау және зияткерлік мәселелерін практикалық тұрғыда терең қамтамасыз ете алатын 4К Моделіндегі кәсіби жұмыстар атқарылса деген ұсыныс береміз.

Аталған ұсыныс Л.М.Искакованың «Сыни ойлау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамыту» атты зерттеу жұмысының перспективалық бағыттарына арналып отыр. Сондықтан бұл ұсыныс диссертацияның құндылығына әсерін тигізбейді, тек болашаққа бағдар деп қабылдауыңызға болады.

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – *Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі*) бағыты бойынша докторант Искакова Ляйла Маратовнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті қауым.проф. м.а., PhD

